

# ИНВЕСТИЦИОННОЕ И ФИНАНСОВОЕ ПРАВО

*Б.Ө. Сман*

## САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сақтандыру - бұл шаруашылық субъектілердің және азаматтардың төлеген сақтандыру сыйақылары есебінен қалыптасқан ақша қорларынан белгілі бір оқиғалар туған кезде, солардың мүдделерін қорғауға байланысты пайда болатын қатынастар болып табылады.

Сақтандыру қатынастары сақтандыру ісін ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында пайда болатын қатынастар. Осыған байланысты сақтандыру қатынастары ұйымдастырушылық қатынастар және материалдық қатынастар деп екіге бөлінеді. Сақтандыру операцияларын жүзеге асыруға байланысты қатынастар – материалдық қатынастар болып табылады, ал сақтандыру ұйымының ашылуына рұқсат беру, сақтандыру операциясын жүзеге асыруға лицензия беру, сақтандыру ұйымының Әділет органында тіркелуі, мемлекетпен сақтандыру қызметінің пруденциялық нормативтер белгіленіп, реттелуі, сақтандыру ұйымдарына жаза шараларын қолдану мәселеріне байланысты пайда болатын қатынастар болып табылады. Ұйымдастырушылық қатынастар императивті, яғни бір жақты – өктем тәсілдермен реттеледі, ал материалдық қатынастар диспозитивті тәсілдің көмегімен реттеледі.

Сақтандыру – бұл қоғам өмірінің маңызды саласы болып табылады. Социализм кезінде бұл түгелімен мемлекеттік қызмет болып табылды, ал қазіргі уақытта болса мемлекет тек сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеп отырумен шектеледі. Бірінші кезекте сақтандыру қатынастарына қатысушылардың жүріс-тұрыс ережелерін белгілеп отыратын нормативтік құқықтық актілер шығару жолымен жүзеге асырылады. Сақтандыруға арналған құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекет сақтандыру саласындағы заңдылыққа қадағалау жүргізеді, ол үшін арнайы мемлекеттік органдар құрады.

Сақтандыру қатынастарына қатысушы міндетті субъектілер сақтанушы мен сақтандырушы болып табылады. Сақтанушы дегеніміз – өзін сақтандырумен қорғаумен қамтамасыз ете отырып, сақтандырушымен сақтандыру шартын жасайтын тұлға. Сақтанушы ретінде жеке тұлғалар және заңды тұлғалар болады. Заңды тұлғалар коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымдар болады, ал жеке тұлғалар ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар түседі.

Жеке тұлғалар сақтандыру қатынастарында сақтанушы ретінде 18 жастан бастап қана бола алады, ал жасы толмағандар үшін олардың атынан сақтандыру шарттарын ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары жасайды. 14 жасқа толмағандар үшін олардың келісімі қажет емес, ал 14 жас пен 18 жас арасындағылар үшін олардың келісімдері керек. Мұндай қатынастарда жасы толмағандар сақтандырылған тұлғалар болып табылады да, ата-аналары, қамқоршылары – сақтанушылар болады.

Сақтанушы сақтандыру шартының бір тарабы болып табылады, сондықтан шарт жасау үшін оның ерікті түрде көңіл білдіруі қажет. Сақтанушы қайтыс болған кезде немесе жойылған кезде (егер заңды тұлға болса) негізінен сақтандыру шарты тоқтайды да оның құқықтары мен міндеттері оның мұрагерлеріне көшеді. Егер, сақтандыру шарты сақтандырылған тұлғаның пайдасы есебінен жасалған болса, онда сақтанушының құқықтары мен міндеттері соған көшеді.

Сақтанушылар сақтандыру ұйымдарындағы сақтандыру резервтерінде белгілі бір сақтандыру сыйақыларын төлеп отырады да, шартта көрсетілген белгілі бір сақтандыру оқиғалары болған кезде сәйкес төлем ақыларды алуға құқылы.

Тағы бір сақтандыру ісіне қатысушы міндетті субъект бұл – сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған сақтандыру ұйымы. Ол сақтандыру қатынастарында ерекше орын алады, себебі сақтандыру қатынасының пайда болуына негіз болған мақсатқа жету – сақтандыру

ұйымының әрекеттеріне байланысты. Сақтандырушы ретінде тек қана заңды тұлға ғана бола алады. Олар Қазақстан Республикасының заңдарымен көрсетілген нысанда құрылады.

Сақтандыру ұйымының құқықтық статусы олардың ашылуына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген рұқсатпен және Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде тіркелуімен және сақтандыру операцияларын жүргізуге лицензиялармен анықталады.

Нарықтық экономикада әрбір тұлға өз қаражаттарын қалай жұмсайтындығын, қандай бөлігін тұтыну қажеттілігіне жұмсап, қандай бөлігін жинақтайтынын өзі анықтайды. Адамға басқа адамдармен мәмілелер жасау мүмкіндігі беріледі. Сақтандыру рыногы осы ерекшеліктердің барлығын есепке ала отырып жұмыс істейді. Нарық экономика тұсында ұсыныс пен сұраныс еркін анықталып, нақты сақтанушыға қажет деген сақтандыру қызметі жүзеге асырылады. Осының барлығын реттеп отыратын, қажетті нормативтік актілерді шығарып, сақтандыру рыногына қатысушы субъектілердің іс әрекеттерін бірыңғай реттеп отыратын өкілетті органдар - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жақында ғана құрылған Қазақстан Республикасының Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттілігі болып табылады.

Сақтанушы сияқты сақтандырушы да сақтандыру қатынастарының міндетті субъектісі болып табылады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру үнемі шартты нысанда болғандықтан, сақтандырушы үнемі сақтандыру шартының тарабы ретінде танылады.

Сақтандырушы – сақтандыру оқиғасы нәтижесінде сақтандыру өтемақыларын төлеу арқылы сақтанушының мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін тұлға болып табылады. Нақтырақ болу үшін, сақтандырушы заңды тұлға ретінде Әділет органдарында тіркелген, яғни сақтандыру ұйымы ретінде ашылуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген рұқсаты бар ұйым болуы керек екенін айтып кетейік.

Соныменен, сақтандыру ұйымының белгілері ретінде келесілерді айтуға болады:

- ✓ Сақтандырушы тек заңды тұлға болып табылады;
- ✓ Сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылады;
- ✓ Сақтандыру ұйымы ретінде тіркеледі;
- ✓ Олар мемлекет белгілеген талаптарға жауап беруі керек.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, біздің мемлекетімізде келесідей сақтандыру ұйымдары жұмыс істей алады:

Мемлекеттік сақтандыру ұйымы. Олар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанында, Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен құрылып, таратылады. Олар түгелімен, 100% Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы мемлекеттің меншігінде болады. Ал егер, Қазақстан Республикасының Үкіметі үлесінің бөлігін сатып бастаса, яғни жекешелендіріп бастаса, онда ондай сақтандыру ұйымын мемлекеттік қатысуы бар сақтандыру ұйымы дейміз.

Жеке меншіктегі сақтандыру ұйымы – бұл жеке тұлғалардың немесе жеке меншіктегі заңды тұлғалардың меншігіне негізделген, жабық акционерлік қоғам нысанында құрылатын сақтандыру ұйымы. Олар бір жыл үздіксіз, шығынсыз қызмет еткен жағдайда ғана ашық акционерлік қоғамға айналады.

Шетелдік қатысу бар сақтандыру ұйымы – ол акцияларының 3/1 көбі:

1. Қазақстан Республикасының резидент еместерінің меншігінде, иелігінде, басқаруында болатын;

2. Қазақстан Республикасының резидент еместерінің меншігінде, иелігінде, ал басқаруы резидент еместер берген сенімхат негізінде, Қазақстан Республикасының резиденттерінде болатын;

3. Акцияларының 3/1 көбі Қазақстан Республикасының резидент еместерінің меншігінде, иелігінде, басқаруында болатын заңды тұлға – резиденттің, яғни аралас шетелдік қатысу бар заңды тұлғалардың меншігінде, иелігінде, басқаруында болатын сақтандыру ұйымы.

Шетелдік қатысуы бар сақтандыру ұйымдары мен қайтасақтандыру ұйымдарының тіркелген жарғылық капиталының жалпы сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары мен қайтасақтандыру ұйымдарының жалпы сомасының 25%-інен аспауы керек.

Сақтандыру ұйымдарының қызметтерінде бір айта кетерлік жәйт, олар өз қызметтерінде басқа кәсіпкерлік қызмет түрлерімен айналыспайды. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рұқсат етілген жағдайлар мыналар:

- Олар инвестициялық қызметті жүзеге асыра алады.
- Жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз бере алады;

- Бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын, арнайы әдебиеттерді сатуды жүзеге асырады;
- Сақтандыру саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында білім беруді ұйымдастырып, жүзеге асырады;
- Өз меншігіндегі мүліктерін арендаға бере алады;
- Сақтандыру агенті бола алады;
- Өзара бірігіп, сақтандыру бірлестіктерін құра алады.

Сақтандыру ұйымдарының құрылтайшылары және акционерлері заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар да бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденттері де резидент еместері де бола алады.

Сақтандыру (қайтасақтандыру) ұйымы коммерциялық ұйым болып табылады, яғни оның негізгі мақсаты – пайда табу, негізгі қызметі – шаруашылық кәсіпкерлік қызмет болып табылады.

Сақтандыру ұйымдары жабық нысандағы акционерлік қоғам ретінде құрылады да, бір жыл үздіксіз, шығынсыз қызмет еткеннен кейін ашық нысандағы акционерлік қоғамға айналады. Мемлекеттік сақтандыру ұйымдары мемлекеттік кәсіпорын формасында құрылады. Сақтандыру ұйымдары ашылу үшін құрылтай жиналысы өткізіліп, құрылтай құжаттары қабылданады. Сосын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ашылуға рұқсат беру туралы өтініш жазады. Өтінішке келесідей құжаттар қосылып табылады:

1. Құрылтай құжаттары: Құрылтай шарты және Жарғы. Сақтандыру ұйымының жарғысында келесідей мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі керек:

- Оның орналасатын жері және атауы;
- Олар жүзеге асырғалы отырған сақтандыру операцияларының түрлері;
- Сақтандыру ұйымының құрылымы, ондағы құрылатын бөлімдер мен бөлімшелер;
- Басқару органдары және олардың әрқайсысының құзіретіне жатқызылған мәселелер;
- Құрылтайшылары туралы мағлұматтар;
- Ұйымның құқықтары мен міндеттері және жауаптылығы;
- Ұйымда құрылатын қорлардың түрлері, қалыптасу негіздері, және олардың мөлшері;
- Ұйымның қызметінің тоқтату тәртібі, т.б.

Құрылтай шартында құрылтайшылар туралы мәліметтер, олардың орналасқан жерлері (заңды тұлға болса), әрбір құрылтайшының үлесі, пайданы – дивиденттерді бөлісу, жауаптылықты бөлісу тәртібі, сақтандыру ұйымынан шығу тәртібі көрсетіледі.

2. Искерлік жоспар (маркетинг жоспары, қызметтерінің бағыты, кірістер мен шығыстардың есептері). Искерлік жоспар алдағы үш қаржы жылында сақтандыру ұйымының тек қана пайда келтіретіндігін көрсетуі керек.

3. Егер құрылтайшылары заңды тұлға болса аудиторлық ұйымның оң қорытындысы, яғни қаржылық жағдайының тұрақты екенін көрсететін қорытындысы, ал құрылтайшылары жеке тұлғалар болса – салық органдарынан уақытылы салық декларациясын тапсырып отырғаны жөнінде анықтама қажет. Олар Қазақстан Республикасының заңдарына байланысты заңдарменен көрсетілген мөлшерде салық төлеп отырғандарын, сақтандыру ұйымдарын құруға қажетті қаражаттарының заңды жолмен келгендігін дәлелдеуі керек.

4. Ұйымның жарғылық капиталы туралы мәлімет. Жарғылық капитал тек қана ақшамен төленуі керек (100%). Қазіргі кезде жаңадан ашылғалы отырған сақтандыру ұйымы үшін (жалпы сақтандыру түріне байланысты) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері 100 млн. теңге, жеке сақтандыру түрін жүзеге асыратын ұйым үшін 150 млн. теңге, қайта сақтандыру ұйымы үшін 200 млн. теңге.

5. Ұйымның басшы қызметкерлері туралы мәліметтер. Акционерлердің жалпы жиналысы сақтандыру ұйымының басшы қызметкерлеріне кандидаттарды таңдаған соң, олардың тағайындалуына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінен рұқсат алуы керек. Себебі, оларға заң актілерімен белгілі бір талаптар қойылады.

Оларға жататындар:

1. Сақтандыру ұйымының басқармасының төрағасы;
2. Басқарма мүшелері;
3. Ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметіне бақылау жүргізетін және қызметін үйлестіріп отыратын, сақтандыру операцияларын жүзеге асыратын құжаттарға қол қоя алатын басшы;
4. Сақтандыру ұйымының бас бухгалтері;
5. Ұйымның филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері.

Сақтандыру ұйымын ашуға рұқсат беру туралы өтініш Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен 2 ай мерзім ішінде қаралады. Егер құрылтай құжаттары заңға сәйкес келмесе,

құрылтайшылардың қаражаттары жеткіліксіз болса, онда Ұлттық Банк ұйымының ашылуына қарсылық білдіреді. Ал рұқсатты алған сақтандыру ұйымын құрмақшы құрылтайшылар 2 ай ішінде Әділет органдарында тіркелуге тиісті. Тіркелгеннен кейін құрылтайшылар 6 ай ішінде Ұлттық Банкке сақтандыру операцияларын жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш жасайды. Ол кезге дейін құрылтайшылар толығымен жарияланған жарғылық капиталды төлеп, ғимараттарын, құрал жабдықтарын түгелімен дайындауға және сәйкес маман иелерін жұмысқа алуға міндетті. Әрбір сақтандыру операциясының түріне бөлек лицензия қажет. Лицензия шексіз мерзімге беріледі, ол бәсірелік болып табылады, яғни ешкімге беруге, сатуға, сыйлауға болмайды және ол залог құралы бола алмайды.

Сақтандыру ұйымының құқықабілеттілігі сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алған кезден бастап пайда болады да, лицензиясының күші жойылған кезден бастап тоқтайды.

Сақтандыру ұйымдары лицензия алған кезден бастап сақтандыру операцияларын жүзеге асыра бастайды.

Сақтандыру ұйымдары әрекет ету барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау, агенттігі қадағалау және бақылауында болады. Қазақстан Республикасының Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігі оларға пруденциалды нормативтер белгілей отырып, қажет жағдайларда шектеулі әсер ету шараларын, жаза шараларын қолдана отырып, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеп отырады.

\*\*\*

This article discusses the state regulation in insurance activities, as well as their implementation at this time.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются проблемы правового регулирования страховой деятельности.

*Ж.С. Нокина*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БЮДЖЕТ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР КЕМШІЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда қаржы саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі болып бюджетті жоспарлау және оның атқарылуы табылады. Осыған байланысты, қаржы жүйесі органдары, оның ішінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттің атқарылуын бақылау және талдау іс-шараларын жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру, әдіснамалық құжаттарды әзірлеу, қаржылық бұзушылықтардың себептерін зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, бюджетке түсімдердің түсуі, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады.

Бюджет түсімдер және шығыстар бойынша атқарылуы мүмкін. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде белгіленгеннен төмен болмайтындай мөлшерде толық және уақтылы есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу болып табылады. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы:

- түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа төлеуді және есепке алуды;
- бюджет кодексіне сәйкес түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлуді;
- Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бюджеттен түсімдер сомасын қайтаруды не оларды салық берешегін өтеу есебіне есепке алуды қамтиды.

Бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар мақсатына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде не түзетілген бюджетте бекітілген сомалар шегінде уақтылы қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады. Мыналар: